



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫ: ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Мақсаты: сайлау заңнамасының заманауи үрдістерімен танысу, халықаралық және қазақстандық сайлау жүйелерін салыстыру.

Жоспары:


1. Халықаралық сайлау құқығындағы қазіргі тенденциялар және олардың ұлттық сайлау заңнамасын дамытудағы рөлі.
2. Қазақстан Республикасының сайлау құқығының көздері.
3. Сайлау құқығының принциптері.
4. Сайлау жүйелерінің түрлері және оларды Қазақстан Республикасында имплементациялау.
5. Сайлаушының құқықтық мәртебесі.



Халықаралық тәжірибеде ең көп таралған сайлау түрлері



Қазақстандағы сайлау құқығының көздері





Қазақстандағы сайлау құқығының принциптері

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

18 жасқа толған Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының сайлауға, ал белгілі бір жасқа толғанда сайлануға құқығы бар

ТЕҢ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

Сайлаушылар сайлауға тең жағдайда қатысады: бір сайлаушы – бір дауыс

ТІКЕЛЕЙ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

Сайлаушылар үміткерге аралық қашықтықтарсыз тікелей дауыс береді

ЖАНАМА САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

Өкілді органның мүшелерін немесе жеке дара сайланбалы органды таңдаушылар – тиісті органға сайлауды жүзеге асыру үшін арнайы сайланған адамдар сайлайды деп көздейді

ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУ

Дауыс беру құпиясы азаматтың еркіне қандай да бір бақылау жасау мүмкіндігін жоққа шығарады, оның дауыс беру нәтижелері басқа адамдарға белгілі бола алмайтындығына кепілдік береді

ҚАТЫСУ ЕРІКТІЛІГІ

Бұл кез-келген демократиялық мемлекет үшін негізгі қағида. Азаматтар сайлауға мемлекет тарапынан мәжбүрлеусіз ерікті түрде қатысады





Сайлау жүйелерінің түрлері

Сайлау жүйесі – дауыс беру нәтижелерін айқындаудың заңмен немесе басқа нормативтік актімен белгіленген тәсілі және мандаттарды партиялар немесе кандидаттар арасында бөлу тәртібі.

МАЖОРИТАРЛЫҚ

Көпшілік қағидатына негізделген дауыс беру нәтижелерін анықтау жүйесі. Мажоритарлық жүйенің мәні сайлау өткізілетін аумақты сайлаушылар белгілі бір мандат кандидаттары үшін дербес дауыс беретін сайлау округтеріне бөлу болып табылады

Абсолюттік

Салыстырмалы

ПРОПОРЦИОНАЛДЫ

Саяси партияға берілген сайлаушылар дауыстарының саны мен ол алатын депутаттық мандаттар саны арасындағы тепе-теңдік қағидатына негізделген дауыс беру нәтижелерін айқындау жүйесі

АРАЛАС

Мажоритарлық және пропорционалды жүйелердің артықшылықтарын біріктіреді. Көпшілік және пропорционалды сайлау жүйелері элементтерінің қатынасына байланысты аралас сайлау жүйелері симметриялы және асимметриялық болуы мүмкін

Симметриялы

Ассиметриялы

Сайлау округтері – лауазымды адам және сайланбалы өкілді органдардың мүшелері сайланатын аумақтық бірліктер

бірыңғай

бір мандатты

көп мандатты



Сайлаушының құқықтық мәртебесі

